

**6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы
(8D07101 – «Инженериядағы нанотехнологиялар» білім беру
бағдарламасы) бойынша Диссертациялық кеңестің кеңейтілген
отырысының**

№1 ХАТТАМАСЫ

9 қазан 2023 ж.

Төраға: А.С. Арбуз, PhD

Ғалым хатшы: Г.Е. Ахметова, PhD, қауымдастырылған профессор

Қатысқандар:

Төраға – PhD А.С. Арбуз

Төраға орынбасары – PhD А.В. Волокитин

Ғалым хатшы – PhD, қауымдастырылған профессор Г.Е. Ахметова

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі – PhD А. Тұрлыбекұлы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші М.Ж. Абишкеновтің докторлық диссертациясын қорғауға қабылдау үшін берген өтінішін қарау.

2. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерінің кандидатураларын «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ СМК П 4-60-2023 Диссертациялық кеңес ережесінің 6.1.7 тармағының талаптарына сәйкес қарау.

3. Докторант үшін ұсынылған ресми рецензенттердің кандидатураларын «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ СМК П 4-60-2023 Диссертациялық кеңес ережесінің 8.6.1 тармағының талаптарына сәйкес қарау.

4. Диссертацияны қорғау күні мен уақытын, өтетін орнын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

Төраға: А.С. Арбуз

Төраға А.С. Арбуз Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (әрі қарай – ҚР ҒЖБ ҒЖБССҚК) 2022 жылдың 28 желтоқсанындағы №151 бұйрығы негізінде «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» (8D07101 – «Инженериядағы нанотехнологиялар») мамандығы (білім беру бағдарламасы) бойынша Диссертациялық кеңестің (әрі қарай – Диссертациялық кеңес) 4 адамнан тұратын тұрақты құрамы бекітілгендігін атап өтті, Диссертациялық кеңестің кеңейтілген отырысын өткізуге қажетті кворум бар екендігін хабарлады, Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелерін күн тәртібімен таныстырды, Абишкенов Максат

Жарылгасыновичтің диссертациялық жұмысын қорғау мемлекеттік тілде өтетіндігін хабарлады және күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Г.Е. Ахметоваға сөз берді.

Ғалым хатшы: Г.Е. Ахметова

Ғалым хатшы Г.Е. Ахметова 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші М.Ж. Абишкеновтің докторлық диссертациясын қорғауға қабылдау үшін Диссертациялық кеңес төрағасының атына өтініш бергенін, диссертациялық жұмыс «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ «Металдарды қысыммен өңдеу» кафедрасында орындалғанын және жоғарыда аталған өтініштен бөлек ізденушінің Диссертациялық кеңеске келесі құжаттар тізімін ұсынғандығын хабарлады:

- берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертациялық жұмыс;

- жұмыс орындары бойынша куәландырылған отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

- диссертациялық жұмыс орындалған «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ «Металдарды қысыммен өңдеу» кафедрасының меңгерушісі (кеңейтілген ғылыми семинар төрағасы), хатшысы (кеңейтілген ғылыми семинар хатшысы) қол қойып, Басқарма мүшесі - Ғылыми іс және халықаралық байланыстар жөніндегі Проректор бекіткен кеңейтілген ғылыми семинардың оң қорытындысы мен қорғауға ұсынысы бар хаттама;

- куәландырылған ғылыми еңбектер тізімі және олардың көшірмелері;

- Этикалық комиссияның зерттеу объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы оң қорытындысы.

Ғалым хатшы ізденушінің жеке өтініші мен Диссертациялық кеңеске ұсынған барлық құжаттар топтамасы ҚР ҒЖБ ҒЖБССҚК талаптарына сәйкес рәсімделгендігін, диссертациялық жұмысы шеңберінде ізденушінің 25 (жиырма бес) жарияланым, оның ішінде Scopus және/немесе Web of Science ғылыми-метрикалық деректер базаларына кіретін ғылыми басылымдарда 10 (он) жарияланым, ҚР ҒЖБМ ҒЖБСБК ұсынатын ғылыми басылымдарда 3 (үш) жарияланым, халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар жинақтарында 8 (сегіз) баяндамасы, республикалық ғылыми журналда 1 (бір) жарияланым, сондай-ақ 3 (үш) пайдалы модельге ҚР патенті бар екендігін атап өтті.

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі: А. Тұрлыбекұлы

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі, PhD А. Тұрлыбекұлы ізденуші М.Ж. Абишкеновтің «Жоғары физикалық-механикалық қасиеттерге ие ұзын өлшемді наноқұрылымданған дайындамаларды алу тәсілін әзірлеу және зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының мазмұнымен танысып шыққандығын, жұмыстың мазмұны дайындық бағытына сәйкес

келетіндігін, жұмыс көлемді нанокұрылымданған металл материалдарын өндіру үшін қолданыстағы металлдарды қысыммен өңдеу өндірістерінің технологиялық процестеріне енгізу мүмкіндігі бар әдісті әзірлеуге және зерттеуге бағытталғандығын, жұмыстың құрылымы мен зерттеу міндеттерін шешу үшін қолданылған әдістер санын атап өтіп, ізденушінің өтінішін қабылдап, диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы ұсыныс жасады.

Төраға: А.С. Арбуз

Сөз аламын деушілер бар ма? Жоқ. Ізденуші М.Ж. Абишкеновтің өтінішін қабылдап, жұмысын Диссертациялық кеңесте қорғауға қабылдау туралы ұсыныс түсті. Ұсынысқа қарсылықтарыңыз жоқ па? Дауысқа салайық.

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.

Бірауыздан қабылданды.

Әрі қарай төраға А.С. Арбуз күн тәртібінің екінші мәселесін талқылауға көшетіндігін мәлімдеп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесіне және 2023 жылдың 9 қаңтарындағы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сай Диссертациялық кеңестің 50%-ы докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалатындығын, Диссертациялық кеңестің уақытша мүшесінің бірі шетелдік ғалым болуы керектігін, Диссертациялық кеңестің уақытша құрамының мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігінде Хирш индексі 3 болуы керектігін немесе халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда даярлау бағыттары бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе ең болмағанда кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда кемінде 2 жариялануы болуы керек екендігі туралы хабарлады.

Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы туралы пікірталасқа ұсыныс білдіру сұралды.

ПІКІРТАЛАС:

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері уақытша құрамға үміткерлердің кандидатураларын талқылады. Талқылаудан кейін «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесі» талаптарына сәйкес келесі мамандардың кандидатуралары ұсынылды:

1. Мочуговский Андрей Геннадьевич – техника ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу болат және қорытпалар институты» Ұлттық зерттеу технологиялық университеті «Түсті металдар металтануы» кафедрасының доценті, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы, 6D074000 – «Наноматериалдар және

нанотехнологиялар» мамандығы бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін және/немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда 12 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі: Web of Science = 11, Scopus = 12.

2. Жантурина Нургул Нигметовна – PhD, қауымдастырылған профессор, «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ базасындағы Heriot-Watt халықаралық факультетінің доценті, Ақтөбе қ., Қазақстан, 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін және/немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда 5 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі: Web of Science = 3, Scopus = 6.

3. Сағдолдина Жұлдыз Болатқызы – PhD, қауымдастырылған профессор, «С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КеАҚ, «Беткі инженерия және трибология» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, Өскемен қ., Қазақстан, 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін және/немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда 2 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі: Web of Science = 8, Scopus = 8.

4. Достаева Ардак Мухамедиевна – PhD, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ «Нанотехнологиялар және металлургия» кафедрасының доценті міндетін атқарушы, Қарағанды қ., Қазақстан, 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін және/немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда 2 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі: Web of Science = 3, Scopus = 3.

Екінші сұрақ бойынша дауысқа салуға ұсыныс жасаймын. Ұсынысқа қарсылықтарыңыз жоқ па? Дауысқа салайық.

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.

Бірауыздан қабылданды.

Төраға: А.С. Арбуз

Төраға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесіне және 2023 жылдың 9 қаңтарындағы енгізілген өзгерістерге сай ресми рецензенттерді тағайындау кезінде ресми рецензенттердің бір-біріне тәуелді болмау принципін басшылыққа алу

керектігін, ресми 2 рецензенттің ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі бар және докторанттың зерттеу саласы бойынша кемінде 5 ғылыми мақаласы бар маман тағайындалуы тиістігін, Комитет қызметкерлері, докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары, диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің және (немесе) ғылыми ұйымдардың басшылары және қызметкерлері және соңғы 3 жылда диссертацияның мазмұны бойынша Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандардың ресми рецензент бола алмайдындығын ескертті.

Ресми рецензенттер туралы пікірталасқа ұсыныс білдіру сұралды.

ШКІРТАЛАС:

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері ресми рецензентке сай мамандардың кандидатураларын талқылады. Талқылаудан кейін «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесі» талаптарына сәйкес келесі мамандардың кандидатуралары ұсынылды:

1. Бекешев Амирбек Зарлыкович – физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ «Физика» кафедрасының профессоры міндетін атқарушы, Ақтөбе қ., Қазақстан, 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша 5-тен астам ғылыми жарияланым бар.

2. Мухаметкаримов Ержан Советбекович – PhD, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қатты дене физикасы және бейсызық физика» кафедрасының доценті, Алматы қ., Қазақстан, 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша 5-тен астам ғылыми жарияланым бар.

Үшінші сұрақ бойынша дауысқа салуға ұсыныс жасаймын. Ұсынысқа қарсылықтарыңыз жоқ па? Дауысқа салайық.

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.

Бірауыздан қабылданды.

Төраға: А.С. Арбуз

Абишкенов Максат Жарылгасыновичтің диссертациялық жұмысын қорғау 2023 жылғы 11 қарашада, сағат 14-00-де «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы 6D074000 – «Наноматериалдар және

нанотехнологиялар» мамандығы (8D07101 – «Инженериядағы нанотехнологиялар» білім беру бағдарламасы) бойынша Диссертациялық кеңесте мына мекен-жайда өтеді: 101400, Теміртау қ., Республика даңғылы, 30, Жаңа корпус, Ж-201 аудиториясында өткізу туралы ұсыныс жасады. Осы ұсынысқа қарсылықтарыңыз жоқ па? Дауысқа салайық.

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.

Бірауыздан қабылданды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ізденуші Абишкенов Максат Жарыгасыновичтің 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы PhD ғылыми дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияны қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері келесі құрамда бекітілсін:

1) Мочуговский Андрей Геннадьевич – техника ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу болат және қорытпалар институты» Ұлттық зерттеу технологиялық университеті «Түсті металдар металтануы» кафедрасының доценті, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы, 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін және/немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда 12 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі: Web of Science = 11, Scopus = 12.

2) Жантурина Нургул Нигметовна – PhD, қауымдастырылған профессор, «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ базасындағы Heriot-Watt халықаралық факультетінің доценті, Ақтөбе қ., Қазақстан, 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін және/немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда 5 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі: Web of Science = 3, Scopus = 6.

3) Сағдолдина Жұлдыз Болатқызы – PhD, қауымдастырылған профессор, «С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КеАҚ, «Беткі инженерия және трибология» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, Өскемен қ., Қазақстан, 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін және/немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда 2 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі: Web of Science = 8, Scopus = 8.

4) Достаева Ардак Мухамедиевна – PhD, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ «Нанотехнологиялар және металлургия» кафедрасының доценті міндетін атқарушы, Қарағанды қ., Қазақстан, 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар»

мамандығы бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін және/немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда 2 ғылыми жарияланым бар. Хирш индексі: Web of Science = 3, Scopus = 3.

2. Ізденуші Абишкенов Максат Жарыгасыновичтің 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы PhD ғылыми дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияны қорғауында ресми рецензенттер ретінде бекітілсін:

1) Бекешев Амирбек Зарлыкович – физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ «Физика» кафедрасының профессоры міндетін атқарушы, Ақтөбе қ., Қазақстан, 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша 5-тен астам ғылыми жарияланым бар.

2) Мухаметкаримов Ержан Советбекович – PhD, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қатты дене физикасы және бейсызық физика» кафедрасының доценті, Алматы қ., Қазақстан, 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша 5-тен астам ғылыми жарияланым бар.

3. Абишкенов Максат Жарыгасыновичтің диссертациялық жұмысын қорғау 2023 жылғы 11 қарашада, сағат 14-00-де «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы 6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы (8D07101 – «Инженериядағы нанотехнологиялар» білім беру бағдарламасы) бойынша Диссертациялық кеңесте, 101400, Теміртау қ., Республика даңғылы, 30, Жаңа корпус, Ж-201 аудиториясында өткізілсін.

Дауыс берулеріңізді сұраймын:

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.

Бірауыздан қабылданды.

6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы (8D07101 – «Инженериядағы нанотехнологиялар» білім беру бағдарламасы) бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы, PhD


А.С. Арбуз

6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы (8D07101 – «Инженериядағы нанотехнологиялар» білім беру бағдарламасы) бойынша Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, PhD, қауымдастырылған профессор (доцент)


Г.Е. Ахметова

